


Мектеп кітапханасының есебі

2022-2023

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кенті жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де кітапхана 2- қабатта орналасқан. Кітапхана 20 орынға есептелген. Жалпы кітапхана қоры: әдебиеттер 5094, 4702- оқулықтар саны .

Негізгі көрсеткіштер	Оқу жылдары		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Негізгі кітап қорының көлемі	9796	10874	
Көркем әдебиет қордың көлемі	4702	4903	
Оқулық қорының көлемі	5094	5971	
Кітапхана қорының толықтырылуы			
Сатып алынған кітаптар саны	134	201	
Сумма (тенге)	163934тг	505121тг	

Негізгі көрсеткіштер	Жылдар		
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Келушілер саны	457	477	
Кітап беру	506	526	



Қормен жұмыс кезінде есепке алуды қамтамасыз ету үшін мынадай құжаттамалар жүргізіледі:

- * Көркем қордың жиынтық есебі кітабы-1 дана
- * Оқу әдебиеті қорын есепке алу кітабы-1 дана
- * Көркем әдебиет қорын есепке алудың түгендеу кітаптары – 5 дана
- * Кітапханаға келіп түсетін әдебиеттерге ілеспе құжаттар (жүкқұжаттар) – 1
- * Оқулықтарды беруді есепке алу журналы-1
- * Оқырмандардан жоғалған басылымдардың орнына қабылданған басылымдарды есепке алу дәптері – 1
- * Нормативтік-құқықтық құжаттар – 1

Кітап қоры ББК (кітапханалық-библиографиялық классификацияға) сәйкес орналастырылған. Негізгі қорға қолжетімділік бар. Кітапхана жұмысы мектепте өткізілетін кітап көрмелерін, Мәдени іс-шараларды өткізу жоспары бойынша жүргізіледі.

Кітапхана қызметкерлері штатының жасақталуы-1 бірлік

Оқулықтар мен көркем әдебиетті, оқу-әдістемелік кешендерді жинақтау аудандық білім беру бөлімінен, сондай-ақ "кітапханаға кітап сыйла!" акциясының өткізілуінен және мерзімді басылымдарға жазылудан жинақталады. Кітапхананың 2 жыл ішіндегі бақылау көрсеткіштерінің талдауы аудандық білім беру бөлімінен көркем әдебиет пен оқулықтардың түсуіне байланысты соңғы екі жылда көркем және оқу қорының көлемі өскенін көрсетті. Оқу қорының көлемі кейде артты, кейде төмендеді, бұл оқулықтардың әр төрт жыл сайын мерзімді түрде қайта шығарылатындығына байланысты болды. Ескі бағдарлама бойынша оқулықтар есептен шығарылады. Жазушылардың мерей тойларына орай тік бұрышты кітап көрмелері ұйымдастырылды. "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша иннсаграмм сайттарында буккроссинг, "Кітапханаға кітап сыйла!" акциясы, жылдың маңызды оқиғаларына арналған челленджер ұйымдастырылды. Мектептің тәрбие жұмысының жоспары бойынша мектеп кітапханасы барлық іс-шараларды (пәндік онкүндіктер, атаулы күндер) толық көлемде өткізді.

Мектеп кітапханасының бақылау көрсеткіші

№	Көрсеткіштер	Жұмыс есебі	
		2021-2022	2022-2023
1	Жаңа оқулықтар	9796	10874
	Көркем әдебиеттер	4702	4903
	Оқулықтар	5094	5971
	Жаңа оқулықтар	134	201
2	Кітапхана оқырмандары		
	1-4 сыныптар	186	195
	5-9 сыныптар	219	198
	10-11 сыныптар	52	51
	Мұғалімдер	49	49
	Қызметкерлер	21	21
3	Кітапханаға келу саны	4300	4350
4	Кітап берілім саны	4780	4812

2022-2023 оқу жылындағы мектеп кітапханасында жоспар бойынша жүргізілген іс- шаралардың есебі

«Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт»

«Құндылықтар туындайтын орта» жобасы

Мектеп кітапханасы – 2022ж



«ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУЫНДАЙТЫН ОРТА»

Жобаны іске асыру мерзімі және жұмыс бағыттары



2021 - 2024 жыл

- ✓ «Ұлттық оқу»
- ✓ «Оқырман» сыйысы
- ✓ «Менің үйдім» кітапханасы
- ✓ Кітапхана ақпараттық шеңберінің ашықталуы



Іс-шаралар

Дәрістер, семинарлар, онлайн вебинарлар, шеберлік сабақтары, алуыстық-инновациялық тренингтер, ақыл-мәуешілікпен академиялар және кешестер, оқырмандар конференциялары, тәжірибе алмасу алаңы, конкурстар, акциялар, талқылау, кітап санына, шығармалар сәлеметтері, және және тәжірибе кешесі беру, жобаны көрсету.



Жобаның тиімділігі, тиімділігін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

- ✓ Оқушылардың ақпараттық сауаттылығы 2-сағаттан 4 сағатқа ұлғайту;
- ✓ Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын көрсету (бір үйге бір адамға 20 кітапқа қолжеткізілу тиімділігі);
- ✓ Мектеп ұстаздарының кәсіби өсу айналарына белсенді қатысуға ұйымдастыру, мотивацияны, педагогикалық және психологиялық сауатты оқу әдістерін қалыптастыру;
- ✓ Мұқабалық қызығушылық және шығармалардың рейтингтік көрсеткіштеріне «кітап оқу» қызығушылығын бағалау тиімділігі;
- ✓ Кітапхана оқырмандарының көрсеткіші 20% көтеру;
- ✓ Жоба аяқталғандықтан кейінгі (интерактивті) қарама-қарсы және қолдау.

Әлеуметтік серіктестер және нормативтік құжаттар



Семей қаласының кәсіпкерлері, қоғам қайраткерлері, мерзімді баспасөз ұйымдары, мемлекеттік және жеке иеліктегі ұйымдары, ЖОО

Жоба нәтижелілігін көрсеткіштері

- ✓ Жобаның нәтижелілігі туралы білім ШКО білім бағдарламасы мен білім бағдарламасының сапалық критерийлерімен;
- ✓ «Оқырман» және «Менің үйдім» кітапханасының ақпараттық шеңберінің ашылуы және білімнің ашықталуы;
- ✓ Жоба нәтижелілігін бағалауға қатысушылардың ақпараттық шеңберінің ашылуы.



Күтілетін нәтижелер

- ✓ Білім беру субъектілерінің оқу, отбасына, қызығушылық, ұлттық даму, рухани құндылықтары арқылы;
- ✓ Ата-аналық және жасөспірім отбасының тәрбиелі және шығармалық, алуыстық көрсету;
- ✓ Оқу сауаттылықтары мен қызығушылықтары арқылы.

Жобаның мақсаты:

• Мектеп кітапханасын кәзіргі заман талабына сай жабықтай отырып, ондағы жұмыс бағыттарын тәрбие мен білім қағидасына негізделген құндылықтарға дәріптеу арқылы білім беруді жалпы адамзаттық тұрғыдан қалыптастыра түсу



Міндеттері:

✓ Тідеімпаз ұстаз, жан-жақты дамыған отбасы ынтымақтастығы арқылы білімді, таным құмарлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу;

✓ Сабақта және сабақтан тыс уақыттағы оқушылар әрекетін ескере отырып, оқырмандардың пікір алмау ортасын қалыптастыру;

✓ Оқушылардың оқу сауаттылығы мен оқуға қызығушылығын қалыптастырудың заманауи жолдарын оқып-үйрену, ұйымдастыру

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 20 минуттық оқу 4 сынып оқушыларымен өтті.




25-қазан Тәуелсіздік күніне орай кітап көрмесі



Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толу мерей тойына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазушысының тарихы» атты кітап көрмесі .



«Кітап оқы, рухани бай бол!» атты дөңгелек үстелде Қазақтың жазушыларының бірегейі Илияс Жансүгірұлының шығармаларының бірі «Құлагер» поэмасын оқушылармен бірге отырып оқып талқыладық.



«Отбасылық оқуға арналған кітаптарға шолу» мектеп кітапханасында бар кітаптарды ата-аналарға ұсыну



Қазақ елінің маңдай алды жазушыларының бірі Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына орай кітап көрмесі және «М.Әуезов және Абай» шығармашылық отырыс өткізілді.



16-17 желтоқсан «Желтоқсан боздақтары» атты дөңгелек үстел және кітап көрмесі 9 сыныппен өтті.



Кітапханаға саяхат «Жаңа кітаптарға» көрме .

Оқушылар жаңа кітапқа деген қызығушылығын жасыра алмады .



«Кітапханаға кітап сыйла!» Акциясына оқушылардың кітапханаға әкеліп берген кітаптары.



Бастаушы сынып оқушылары соның ішінде 1-2 сынып оқушылары кітапханаға келіп кітап оқығанды өте қатты ұнатады.



Кітапханамызға дайындық сыныбының оқушылары келіп кітап оқыды.



4 мамыр күні Мықтыкөл ауылының негізгі орта мектебінен келген оқушылармен кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Отан қорғаушылар күніне орай «Жауқазын ғұмыр» атты деректі фильм көрсетілді. Екінші дүниежүздік соғыстың аты аңызға айланған батыр қызы, Шығыстың шынары – Әлия Молдағұлова жайлы оқушылар өз ой пікірлерін және ерлігін әңгімеледі. Сондай-ақ Әлия Молдағұлова туралы естеліктер айтылды.



Д.А. Қонаевтың туғанына -110 жыл! Толуына орай 8 сынып оқушыларымен «Қонаев – ұлы тұлға» атты дөңгелек үстел өткіздік. «Ұлы тұлға» туралы әңгімелей отырып, балаларды адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырумен «Қонаев – ұлы тұлға» Дінмұхамед Қонаев 110 жылтолуына орай көрме жасалып, оқырмандарға көрме туралы хабарлама жүргізді. Көрмеге 8 – сынып оқушылары қатысты. Ғасырда емес, ғасырларда бір туатын, ел құрметіне бөленген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев халқына сыйлы, заманының дара туылған перзенті.



Энциклопедияда не жазылады???

5 сынып оқушыларымен энциклопедияда не жазылады деген сұрақтың жауабын тапқандай болды. Оқушылар энциклопедияға қызыққандары сонша кітапханаға келіп қызықты мәліметтерді көп оқиды .



Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арнап ақынның өлеңдерінен поэзиялық кеш мектеп кітапханасында өтті .
«Мұқағали мәңгілік ғұмыр» атты поэзиялық кеште 2-9 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар жыл сайынғы Мұқағали оқуын асыға күтеді өйткені олар ақының өлеңдерін беріліп мәнерлеп оқығанды жақсы көреді. Оқушыларымыздың алды 60 өлеңін білсе арты 10 өлеңнен кем емес жатқа оқиды. Өлең жолдарын оқи отырып олар өздерін ақын сияқты елестетеді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспарланған каникулда кітап оқу іс-шарасы 1«А» сыныппен өз жалғасын тапты. Іс –шараның мақсаты оқушының ертегіге деген қызығушылығын арттыру және кітап оқуға баулу. Бүгін оқушылармен «Үш аю» ертегісін тыңдадық. Ертегіні тыңдаған оқушылар белсене қатысып өз қызығушылықтарын, пікірін «Оқу кемесіне» смайликтер жапсыру арқылы білдірді. Бұл іс-шара басқа басқа сыныптармен жалғасын табады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептегі бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын арттыру мақсатында оқушылармен «Кім жылдам» атты оқу шапшаңдық сайыс өткізілді.



Сайысқа көптеген оқушылар қатысып олардың ішінен 3 «Ә» сынып оқушысы Серікболқызы Арайлым, 3 «А» Қуанған Нұрмұқамет, 2 «Б» сынып оқушысы Досжанұлы Аян, т.б оқушылар топ жарды.

Мектеп кітапханасына кітап құмар оқушылар көптеп келеді солардың бірі 7 сынып оқушылары.



«Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында мектеп кітапханасында 20 минуттық кітап оқу барысында 5 сынып оқушылары кітапханаға келіп кітап оқып жатқан көрінісі.



